



# ПАЙДАДЛАРЫ КАЗБАЛАР

Қазақстанның жер қойнауында Менделеев кестесінің 99 элементі кездеседі, соның 70 элементінің қоры мол. Оның 60 түрі өндіріледі . 6 мыңға жуық пайдалы қазбалар алынатын кен орындары ашылған.



# ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУ САЛЫҒЫ

1. Жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбаларды өндіру салығын Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін минералды шикізат, мұнай, жерасты сулары мен емдік балшықтың әрбір түрі бойынша жеке төлейді.
2. Пайдалы қазбаларды өндіру салығы, 330 баптың 3-тармағындағы көзделген жағдайды қоспағанда, ақшалай нысанда төленеді.
3. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыру барысында пайдалы қазбаларды өндіру салығын төлеудің ақшалай нысаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша уәкілетті мемлекеттік орган мен жер қойнауын пайдаланушының арасында жасалатын қосымша келісімде белгіленген тәртіппен заттай нысанға ауыстырылуы мүмкін.
4. Өндірілетін минералды шикізаттың, мұнайдың, жерасты сулары мен емдік балшықтың барлық түрлері бойынша пайдалы қазбаларды өндіру салығы, жүргізілетін өндіру түріне қарамастан, ставкалар бойынша және 45 тарауда белгіленген тәртіппен төленеді.



## Пайдалы қазбалардың негізгі түрлері мұнай мен газ

Мұнай мен газдың айтарлықтай қоры Өзен кенорнында, алынатын қоры 500 млн. тонна, Жетібай кенорны – мұнай-газ конденсаты қоры 150 млн. тонна барланып, табылды.

70 жылдардың ортасында Бозащы түбегінде алынатын жалпыұлттық қоры 350 млн. тонна Қаражанбас, Солтүстік Бозащы, Қаламқас ірі мұнай-газ кенорындары ашылды.

Қазіргі таңда Маңғыстау облысы аумағында мұнай мен газдың 59 кенорны белгілі. Облыс бойынша мұнай қоры 3156,2 млн. тоннаны, алынатын шикізат – 1440,3 млн. тонна, жиналған олжа -382,7 млн. тоннаны құрайды.

Маңғыстау облысы бойынша мұнай мен газды іздестіру –зерттеу мәліметтері жаңа ірі көмірсутегі кенорындарының болашақта ашылу мүмкіндігі ар екендігін көрсетіп отыр.

Тереңдігі 60 метрге дейін жерлердегі мұнай мен газдың болжамдық қоры 500 млн. тоннаны құрайтын Солтүстік Каспий қайраңындағы ірі кенорын қорларының табылуы осының дәлелі болып отыр.

Өңірдің шамамен алғанда аз ғана аумағында фосфориттер, минералды және ас тұздары, темір рудалары кенорындары барланды.

## **50 жылдардың басында Маңғыстаудың жер қойнауында уран мен жердегі сирек элементтер шөгінділері табылды.**

Аумақтың барлық жер бетінде дайын құрылыс материалы -әктасты-ұлутас таралған.

Жетібай поселкесінің солтүстік-шығысына қарай 40 км.бекітілген қоры шамамен 60 млн. тонна «Бекі» кир кенорны орналасқан. Бұл пайдалы қазбаны табиғи-құрылыс жұмыстарына кең қолдануға болады. Кирлердегі битуминозды заттардың болуы өте кең шекте – 80 пайызға дейін жетеді.

Облыс аумағында қоңыр көмірдің бес түрі бар.

1940 жылы Түпқараған ауданында орналасқан Қызылқаспақ-Айыржал кенорны барланып балансы бекітілген болатын. Сол кездегі бекітілген қор 34,7 млн. тоннаны құраса, 0,5 млн. тоннасы өңделді, қалғаны балансқа қалдырылған. Қоңыр көмірдің басқа түрлері Шетпе ауданында орналасқан.

Қоңыр көмір

Пайдалы қазбалардың негізгі түрлері бойынша қорлардың өсімі алынды: уран (27500,2т), қорғасын (196,6 мың т), цинк (330 мың т), мыс (805,2 мың т), алтын (49292 кг), күміс (1616 т), барит (3807,2 мың т), темір (924937,6 мың т), темір-марганец кені (178,5 мың т), хризотил-асбест (85,4 мың т), мұнай (262805 мың т – дәлелденген шығарылатын қор), еркін газ (7600,0 млн. м<sup>3</sup>), конденсат (447,0 мың т), жер асты сулары (89, 99 мың м<sup>3</sup>/тәул.), шипалы балшық (38,0 мың м<sup>3</sup>), минералды сулар (11,0 м<sup>3</sup>/тәул.)



Гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық салалар шеңберінде мыналар жүргізілді: Аймақтық гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық зерттеулер. Аймақтық гидрогеологиялық 1:200000 масштабындағы жұмыстар 2005 жылы Арал маңының Шығыс және Солтүстік-Шығыс құрғатылған бөлігінің 17,08 мың км<sup>2</sup> ауданында жүргізілді, сондай-ақ бұрын жабық болған «Азгир», «Семей», «Байқоңыр» полигондары мен Қостанай облысының кен неркәсібі аймағы. Арал маңының Шығыс және Солтүстік-Шығысының L-41 – XV, XX, XXVII, XXXIII парақтары бойынша жұмыстар аяқталды және 2 есеп тапсырылды. Зерттеулер нәтижесінде жер асты суларының ластану деңгейіне баға берілді, болашақтағы су горизонттары және шаруашылық – ауыз-сумен қамтамасыз ету мақсатында іздеу-анықтау жұмыстарын қоюға кешендер анықталды, шипалы балшықты барлауға және оны өндіруге болатын 10 көл анықталды.

Тас көмірдің 80 қабаты анықталған. Қалыңдығы 120м , жалпы қоры-45 млрд. т. Екібастұз көмір алабындағы ( Павлодар облысы) ауданы 160 шқ2 көмір қабатының қалыңдығы 150м , ашық әдіспен өндіріледі, ал ең арзан «Алып» кенішінде жылына 36 млрд. т. көмір өндіріледі.



<i>Аты</i>	<i>Географиялық орны</i>	<i>Орналасу ерекшелігі</i>	<i>Кен қорының мөлшері</i>	<i>Өндіру әдісі</i>
Көмір	Қарағанды	3600 шқ <sup>2</sup> сапасы өте жоғары 80 қабаты анықталған. Қалыңдығы-120 м.	Жалпы қоры 45 млрд. т.	Жабық шахтада
Темір	Солтүстік Қазақстан сарыбай	1948 ж. Сургутанов ашты. 30 м тереңдікте	50-60%	
Mn	Атасу, Жезді	Ұлытау, Сарыарқа	408 млн, 100 мың. т. III орын	
Cr	Мұғалжар тауы 99%	97% Қазақстан Республикасында өндіріледі.	40 елге шығарылады.	
Al	Торғай, Ақмола			
Cu	Жезқазған	Дүние жүзінде II орында , ТМД I орында		
Au	Алтай		190 алтын кен орны бар	
Сирек кездесетін металдар: вольфрам , молибден, ванадий, висмут, сүрли	Орталық Қазақстан, жезді, Саяқ	Алдыңғы қатарда		
Кадмий, индий, висмут , селен, сынап	Жоңғар Алатауы, Алтай			

## Жанатын пайдалы қазбалар

Мұнай мен газ-Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Ақтөбе және батыс қазақстан облыстарында шоғырланған. 1899 ж. Қарашүңгілде Әмбі кен орнында бірінші рет мұнай атқылады. 1911 ж. Доссор, 1915 ж. Мақат кен орны пайдалануға берілді. 1960 ж. Өзен мен Жетібай қосылды. Кейіннен Қаражамбас пен қаламқас, Теңіз ( Атырау облысы), Кеңқияқ және жаңажол ( Ақтөбе облысы) , Қарашығанақ ( Батыс Қазақстан облысы) пен Құмкөл ( Қызылорда облысы) кен орындары ашылды.

## Қазақстанда мұнай мен газ шоғырланған 14 алап және 207 кен орны бар

Бүгінде республикада жылына шамамен 55 млн. т. мұнай , 7,5 млрд. м3 газ өндіреді. Шетелге 17 млн. тоннадай өңделмеген мұнай шығарылады. 10 көмір алабы, 300 кен орны бар, жалпы 162 млрд. т. қоры бар. Қарағанды алабы-3600 шқ 2 жерді алып жатыр. Ол- негізгі көмір базасы.